

 Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы МККК №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ №1 «Балапан» кіші тобы

Балалардың жасы 2-3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 12-15 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 12.12	Сейсенбі 13.12	Сәрсенбі 14.12	Бейсенбі 15.12	Жұма
Балаларды кабылдау	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Қимылды ойын: «Кім жылдам» Мақсаты: Түрлі- түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. Құрастыру Сенсорика	Балаларды топта жақсы қабылдап, амандасу. Суретпен жұмыс «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Сөйлеуді дамыту	Таңертең балалармен амандасып, топқа кіргізу. Қимылды ойын: «Асық» Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру.	Балаларды жақсы көңіл – күймен қабылдап, бүгінгі көңіл-күйлерін сұрау. Мүсіндеу «Туды мүсіндеу» Мақсаты: ҚР мемлекттік Туы туралы түсінік беру. Қол икемділігін дамыту.	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту «Менің Отаным» өлең Мақсаты: Отан туралы түсінік беру.	Сурет салу «Гүлдене бер Қазақстан!» Мақсаты: Елін сүйуге турбиелеу. Балаларды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен танысу «Менің Отаным- Қазақстан» Мақсаты: Балаларға Туған жер, Отан туралы түсіндіру. Адамгершілікке, елін сүйуге тәрбиелеу.	Жапсыру «Қолғап» Мақсаты: Қолғап туралы түсінік беру. Қолғаппен таныстыру.	
Таңертеңгі жаттығу	Картотека № 15 «Көңілді маймылдар»				

	Тік тұрып, аяқ алшақ, доп төменде; 1-2- допты жоғары ұстап, аяқ ұшына көтерілу; 3-4-б.к. (4рет) Б.к. – т.с. допты алға созып ұстау; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.к. келу; 5-6- солға бұрылу; 7-8- б.к. Б.к. – доп жоғарыда; Алға еңкейіп, допты еденге жеткізу;Б.к. келу; Б.к.- аяқ арасы сәл алшақ, доп кеудеде; 1-3- отырып , допты қолдан қолға домалату; 4-б.к. Допты алға ұстап, оңға, солға қарай айналу;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Көркем сөз «Бата» Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық. Көркем сөз Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлыктарды үстелге қою) Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!	
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Қызығушылықтары бойынша әрекет	Балалар әсерлерімен бөлісу,	Сөйлеуді дамыту «Алғашқы қар»	Сурет салу «Еліміздің туы»	

дайындық	түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет «Үй жануарлары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Сурет бойынша жұмыс жасау. Адамгершілікке тәрбиелеу.	жаналықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, Сурет салу «Құмыра» Мақсаты: Құмыра туралы түсінік беру. Құмырамен таныстыру.	Мақсаты: Қар туралы түсінік беру. Қардың күйімен таныстыру.	Мақсаты: Ту туралы түсінік беру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 67 Көркем сөз: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ	№ 68 Көркем сөз: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс	№ 69 Дидактикалық ойын: «Қыста не киеміз?» Мақсаты: Қыс мезгіліне байланысты адамдардың киімкою үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылды ойын: «Аттамақ». Мақсаты: Денені	№ 70 Такпак. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу	

	жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.	айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.	шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Қоршаған ортамен таныстыру Дене шынықтыру	Қатты-катты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылды ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу.	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	Бір -біріне шешінуге көмектесу.	
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Ас қайыру. Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	

Серуен	№ 67 Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.	№ 68 Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп, Жапырағын жұлғызып. Мақсаты: Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	№ 69 Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3. Допты қуалау. «Сакина» Мақсаты: алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	№ 70 Дербес ойындар: 1. Өткеншек тебу. 2. Ирек жолмен жүру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүтіруге үйрету, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Сөйлеуді дамыту	«Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру.	Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Жапсыру «Вагондарға дөңгелек таңдау» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.	
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

«Тексерілді»
Бөбекжайы әдіскері:
У.Г.Нурмухамметова 
« 08 » 12 2022 жыл